


Шешендік сөздер



**Шешендік
арнау**



**Шешендік
толғау**



Шешендік дау

Шешендік өнердің ерекшеліктері

Ауызда, халық жадында
сақталған.

Авторы халық.

Адам сөзді тыңдай білген жағдайда шешен бола алады.

(Қайқауыс)

Не қажет болса, соның бәрін айту, артық сөз айтпау –
нағыз шешендік деген сол.

(Ф.Ларошфуко)



Ұлы жүздің төбе биі

Төле би



Орта жүздің төбе биі

Қаз дауысты Қазыбек би



Кіші жүздің төбе биі

Әйтеке би

- Атақты шешендер
- Мемлекет және қоғам қайраткерлері
- Тәуке ханның кеңесшілері
- «Жеті жарғы» әдет-ғұрып заң жинағын шығаруға үлес қосқан билер
- Ұлт тәуелсіздігі мен бостандығын, татулық пен бірлігін насихаттаушылар

Бір үйдің баласы болма,
Көп үйдің баласы бол.
Бір елдің атасы болма,
Бар елдің данасы бол.

Өзіңе-өзің кәміл бол,
Халқыңа әділ бол.
Жауыңа қатал бол,
Досыңа адал бол.

(Төле би)

Алтын ұяң - әйелің қымбат,
Құт-береке – атаң қымбат.
Аймалайтын – анаң қымбат,
Мейірімді – апаң қымбат.

(Қазыбек би)

Арадан шыққан жау қиын,
Таусылмайтын дау қиын.
Шанышқыласа сөз қиын,
Жазылмаса дерт қиын,
Іске аспаса серт қиын.

(Әйтеке би)

Жәнібек пен Жиренше.

Жәнібек хан уәзірлеріне: “Маған өтірік пен шынның арасы немен айырылады, соны тауып беріңдер”, - дейді.

Ханның қырық уәзірлері қырық күн ойланып, таба алмайды.

Мұны естіген Жиренше шешен үйіне келіп, Қарашашқа:

- Жәнібек ханымыз қырық уәзіріне: “Өтірік шынның арасын айырыңдар,” -деп қысым жасап жатыр,-дейді

Өтірік пен шынның арасы- бір-ақ тұтам жер.Оның мәнісі: көзбен көрген – шын, құлақпен естіген - өтірік. Құлақ пен көздің арасы бір – ақ тұтам ғой. Көзбен көрген – анық , құлақпен естіген – танық емес пе? – дейді.

ТЕСТ

1. Шешендік сөз нешеге бөлінеді?

А.2 В.3 С.4 Д.5 Е.6

2. Ұлы жүздің биін анықта

А.Төле би В.Әйтеке би

С.Жиренше Д.Қазыбек би

Е. Жәнібек би.

3. Зат есім құрамына қарай қалай бөлінеді?

А. жалпы,жалқы

В. деректі,дерексіз

С.Жанды, жансыз

Д.дара, күрделі

Е. сапалы, қатысты

4. Реторика дегеніміз не?

А. Сөз мәнері В.шешендік

С.Шешендік өнер Д.Шешендік сөз

Е.Мақал –мәтелдер.

5. “Жеті жарғыны” жазғандардың бірі- ...

А. Әл-Фараби А. Абай

С. Қазыбек би Д. Сырым би

Е. Халық

6. Ашық буынды анықта.

А. Әдеп В. Тәрбие С. Білім

Д. Ана Е. Шешен.

7. Тұрақты сөз тіркесін анықта

А. Сабақ кестесі В. Су жүрек

С. Дала жылы Д. Жүріп келеді

Е. Қандай тамаша!

8. Үстеудің сұрақтарын анықта

А. Қалай? В. Кім? С. Не істеді? Д.не? Е. Қандай?

9. Сөйлемге тиісті есімдікті қой

... кешке кітап оқыды.

А. Мен В. Сен С. Сіз Д.Олар Е. Оның

10. Қазақ тілінде неше сөз табы бар?

А.5. В.6 С.7 Д.8 Е.9

Тест жауаптары

- 1. В
- 2. А
- 3. Д
- 4. С
- 5. С
- 6. Д
- 7. В
- 8. А
- 9. В
- 10.Е

Сабақты қорытындылау:

Ей, перзентім, білгенің жөн, адам үш түрлі болады.

Адамның бірінші түрі - біледі және білген сайын білгісі келеді, бұлар ғалымдар тобына жатады.

Бұлардың айтқанына риза болу керек.

Екінші түрі – біледі, біле тұра “білмеймін” дейді.

Бұлар ұйқыдағы зұлымдар, олардан сақ болған жөн.

Үшіншісі – білмейді және білгеннің тілін алмайды.

Олар ессіз надандар. Бұлардан аулақ жүру керек.

(Қайқауыс)

Рахмет.

